

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті

**ОЗЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІ**

материалдар жинағы

**ШКОЛА ПЕРЕДОВОГО
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОПЫТА**

сборник материалов

Орал, 2022

ӘОЖ 37.01
КБЖ 74.20
О46

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті 20.06.2022ж. Академиялық кеңесінің №10 хаттамасы шешімі негізінде басылымға ұсынылды.

Рекомендовано к печати решением Академического совета Западно-Казахстанского университета им.М.Утемисова, протокол №10 от 20.06.2022г.

Редакция алқасы/ Редакционная коллегия
Бас редактор / Главный редактор

А.С.Тасмағамбетов, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың м.а., т.ғ.д.

Редакция алқасының мүшелері / Члены редакционной коллегии:

Ә.Ж. Имашев, жаңартпашылық технологиялар және цифрландыру департаментінің директоры.

Ш.Б. Абишева, әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің жетекшісі.

Л.Н. Темрешева, әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімінің сарапшысы.

О 46 Озық педагогикалық тәжірибе мектебі = Школа передового педагогического опыта: Мат.жинағы. = Сб. материалов. – Орал: М. Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2022. – 104 б.

Осы материалдар жинағы білім берудегі ғылым мен ақпараттық технологиялардың қазіргі заманғы жетістіктерін пайдалануға негізделген университеттегі ПОҚ-тың инновациялық-жобалық қызметінің (бағдарламалық өнімнің түпнұсқасы, оқу тренажері, оқытудағы инновациялық тренинг және т.б.) нәтижелерін қамтиды.

Данный сборник материалов содержит результаты инновационно-проектной деятельности ППС университета (оригинальный программный продукт, учебный тренажер, инновационный тренинг в обучении и т.д.), основанные на использовании современных достижений науки и информационных технологий в образовании.

АЛҒЫ СӨЗ

А.С. Тасмағамбетов,
академиялық мәселелер жөніндегі
проректордың м.а., т.ғ.д.

Қазіргі жағдайда инновациялық шығармашылық бағыттарының рөлі артуда, себебі білім беру мазмұнын айтарлықтай жаңарту, білім беру қызметінің басым бағыттары бойынша инновациялық бастамалар мен шығармашылық негізінде жаңа сапаға қол жеткізу қажеттілігі туындап отыр.

Инновацияларды енгізу қажеттілігі бірнеше факторлармен анықталады:

1. Білім беру мазмұнын өзгерту, жаңа пәндерді енгізу, оқытудың жаңа технологияларын іздеу.

2. Мемлекет саясатындағы әлеуметтік және экономикалық өзгерістер білім беру жүйесіне түбегейлі өзгеріс енгізу қажеттілігін анықтады.

Бүгінгі таңда жаңартудың құралы – педагогтердің инновациялық қызметі болып табылады, ол – педагогикалық инновацияларды қалыптастыру, игеру және қолдануды қамтиды.

3. Қазіргі қоғамда оқу орындарының жаңа түрлері құрылуда, сол арқылы нақты бәсекеге қабілеттілік орын алады, бұл оқытудың сапасы туралы ойлануға жетелейді.

Бұл қызметтің мақсаты білім беру сапасын арттыру болып табылады. Күтілетін нәтиже – университеттің профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби құзыреттілік деңгейін жетілдіру, білім беру үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу.

Инновациялық-жобалық қызметтің нәтижесі ғылыми және білім беру инновациялары нарығына, сондай-ақ басқа да беделді көрмелерге ұсына алатындай нақты инновациялық өнім болуы тиіс.

Оқытудың инновациялық әдістерін қолданудың сапасы мен тиімділігін бағалау критерийлері:

- жобаның өзектілігі, бірегейлігі және ғылыми жаңалығы;
- жобаның мақсаттары мен міндеттерінің шынайылығы;
- инновациялық жобаның түпкілікті нәтижесін анықтаудың нақтылығы;
- инновациялық оқыту технологиясын әдістемелік қамтамасыз ету сапасы;

- оқу үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу дәрежесі (инновациялық технологиямен қамтылған оқу сабақтарының түрлері);

- инновациялық технологияларды қолдану кезінде студенттердің алатын білім сапасын арттыру.

«Озық педагогикалық тәжірибе мектебі» материалдар жинағына М.Өтемісов атындағы БҚУ профессорлық-оқытушылық құрамының оқу үрдісіне инновациялық технологияларды енгізу жөніндегі жұмыстары енді.

І БӨЛІМ

ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

УДК 159.9

БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ APPER МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ҚОЛДАНУ МҮМКІНДІКТЕРІ

Н.Е. Муканова,

*Педагогика және психология
кафедрасының аға оқытушысы,
магистр*

Қоғамда ұялы телефонға тәуелділік белең алған заманда білім беру үдерісін қоғамдық талаптарға сай дамыту баршамыздың міндетіміз. Телекоммуникация – компьютерлік жүйелер мен қазіргі заманғы техникалық электрондық байланыс құралдары негізінде телефон желілері, спутниктік байланыс және т.б. арқылы мәліметтерді қашықтан жеткізуге қатысты жалпы ұғым (телеграф, телефон, радио арқылы мәліметтер алмасуға арналған қатынас) болып табылады. Сондықтан бұл байланыс жүйесін білім берудің жаңа технологияларымен байланыстырудың тиімділігін зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Осы орайда Apper мобильді қосымшасы білім алушыларға тиімді әрі қолжетімді оқу материалын игерту құралы болатындығы даусыз.

Apper – бұл теориялық мәліметтер, тапсырмалар, мекен-жайлық анықтамалар, әдебиеттермен жұмыс, электронды анкеталар, сауалнамалар, тестілер, әдістемелер, тренингтер, сілтемелерімен қамтамасыз ететін мобильді қосымшасы.

2021-2022 оқу жылының қыркүйек айынан бастап педагогика және психология кафедрасында «Білім беру үдерісінде Apper мобильді қосымшасын қолдану мүмкіндіктері» инновациялық жобасы 6B01801 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы 3 курс студенттеріне «Отбасылық педагогика» пәнін оқытуда; 6B01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы 3-курс студенттеріне

«Қызықты психология» үйірме жұмысы барысында; 4-курс студенттерінің ғылыми зерттеу жұмыстарында, дипломдық жұмыстардың тәжірибелік эксперимент бөлімдерін жүзеге асыруда қолданылды. Студенттерге дәрісте берілетін теориялық мәліметті бекіту мақсатында ұялы телефондары арқылы көрнекіліктер, кестелер, слайдтар, видеоматериалдар, әлеуметтендіру орталықтарының мекен-жай анықтамалықтары, әдебиеттермен қамтамасыз ету сілтемелері беріледі. «Отбасылық педагогика» пәнінен семинар, СОӨЖ және СӨЖ сабақтарында Arper мобильді қосымшасымен шығармашылық, пәнаралық сипаттағы тапсырмалар, зерттеушілік дағдыны қалыптасыруға бағытталған тапсырмалар орындай алады.

Жобаның жаңашылдығы: Arper мобильді қосымшасын WhatsApp әлеуметтік желісімен байланысы негізінде жасалған қолжетімді инновациялық ақпараттық технологияларды қолдану.

Жобаның мақсаты: Arper мобильді қосымшасын білім беру үдерісінде қолданудың мүмкіндіктерін анықтап, ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-технологиялық қамтамасыз ету арқылы тиімділігін арттыру.

Жобаның міндеттері:

- Arper мобильді қосымшасы арқылы білім беру үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету;
- Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда құрал ретінде Arper мобильді қосымшасын қолдану жолдарын анықтау;
- Arper мобильді қосымшасын «Қызықты психология» үйірме жұмыстарында қолдану;

Оған фотосуреттер, видео материалдар, файлдар, интернет беттеріне сілтемелер, жазбалар, релаксациялық музыка т.б. қосуға болады.

Жобаның міндеттеріне сай Arper мобильді қосымшасы арқылы білім беру үдерісі әдістемелік жағынан қамтамасыз етілді. 2021-2022 оқу жылында «Отбасылық педагогика» пәні бойынша дәріс, семинар, ОЖСӨЖ; үйірме жұмысы; студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысы, дипломдық жұмыс тапсырмалар алдын ала даярланып, іске асырылды: 1) 2020-2021 оқу жылынан бастап «Қызықты психология» үйірмесі; 2) пән бойынша онлайн және офлайн дәріс сабақтарының қосымша материалдарымен қамтамасыз ету; 3) студенттердің ғылыми

зерттеу жұмыстарының тапсырмаларын орындауда; 4) топтық жұмыстарға студенттерді біріктіру; 5) студенттердің дипломдық жұмыстарында; 6) Психологиялық диагностикалау, ағарту жұмыстарында қолдануда.

Жобаны жүзеге асыру барысында Arper мобильді қосымшасын ЖОО оқу үдерісінде келесі қолдану мүмкіндіктері анықталды: білімді өзектендіру үшін барлық сабаққа қажетті материалдарды мобильді қосымшаға салып, студенттердің білімін тереңдету; студенттер сабақ барысында немесе бейне материалды тыңдаған кезде туындаған негізгі идеяларын қосымшаға қосуға болады; оқу үдерісіне қажетті мәліметтер жасап, тарата алады; студенттер бір уақытта топтарда жұмыс жасай алады, белгілі бір әдістемені өткізу үшін қосымша мүмкіндіктерін пайдалана алады, арттерапиялық жаттығулар өткізу барысында бейнелік жазбалар, релаксациялық музыка, библиотерапия кезінде оқулықтарға шолу жасауға қолайлы болады; дайын материалдарды ықшам әрі қолжетімді бере алудың тиімділігі болып табылады.

Arper мобильді қосымшасының артықшылықтары:

- Электронды почта, әлеуметтік желілер арқылы оңай таратылуы;

- Оқытушының жеке студентке қашықтан отырып ақпаратты, тапсырманы бере алуы;

- Студенттің кез келген жерде және кез келген уақытта, интернетке қосылған ұялы телефон арқылы білім игеруге мүмкіндігі;

- Тест, сауалнама, анкета т.б. қажетті уақытта өте алу мүмкіндігі;

- Топтық жұмыс, жеке жұмыс барысында ынғайлылығы т.б.

Arper мобильді қосымшасының тиімді жақтары: Arper – бұл теориялық мәліметтер, тапсырмалар, мекен-жайлық анықтамалар, әдебиеттермен жұмыс, электронды анкеталар, сауалнамалар, тестілер, әдістемелер, тренингтер, сілтемелерімен қамтамасыз ететін мобильді қосымшасы. Бұл қосымшаның көмегімен ғаламтор желісіне қосылған ұялы телефон арқылы оқыту үдерісін үзіліссіз жүзеге асыруға болады. Студенттер қосымшаны телефонға жіберілген сілтеме көмегімен жүктеп алып жұмыстанады. Сонымен қатар қосымшаның тегін болуы, яғни


кейбір кеңейтілген мүмкіндіктер қажет жағдайда ғана сатып алу қажет; мобильді болуы, яғни телефон немесе планшет көмегімен қосымшаны қарастырып, түзетіп, таратуға болады.

Студенттердің ғылыми-зерттеушілік жұмыстары бойынша 5B012300 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы СПС-41 тобы студенті А.А. Игілік «Бастауыш сынып оқушыларын ақпараттық-коммуникативтік құралдар арқылы әлеуметтендірудің педагогикалық негіздері» атты жұмысымен Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінде оздырылған Халықаралық педагогика, психология және дефектология бойынша студенттер арасындағы ғылыми-зерттеу жұмысының конкурсына қатысып, «Педагогика бакалавры бойынша Үздік ғылыми-зерттеушілік жұмыс» бағытында жүлделі 2-ші орынды иеленді. Ғылыми зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімінің қалыптастырушы экспериментіне, ата-аналарға балаларын тиімді әлеуметтендіруге көмек ретінде «Бақытты балалық орта» атты бағдарламасы Arper мобильді қосымшасы арқылы даярланды. Бағдарлама барысында сауалнама, дәрістер, әлеуметтену орталықтары, видеороликтер, тренингтер, әдістемелер, тапсырмалар, сілтемелер т.б. жүктелген.

2020-2021 оқу жылы 5B012300 – «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы күндізгі бөлімінің 3 курс Спс/у-33 тобы студенті Ж.Ж. Жаңабаеваның «Қашықтан оқыту жағдайында ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық қолдау көрсету жолдары» тақырыбындағы дипломдық жұмысында «Қашықтан оқыту жағдайында ата-аналарға әлеуметтік-педагогикалық қолдау» атты бағдарламасы Arper мобильді қосымшасы арқылы даярланды.

Arper мобильді қосымшасының білім беру үдерісінде қолданудың тиімділігін тексеру мақсатында 6B01801 «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасы Спс-31 тобын эксперимент тобы ретінде алып «Отбасылық педагогика» пәнін оқытуда, ал бақылау тобы ретінде 6B01101 «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы Пип-31 тобына «Педагогиканы оқыту әдістемесі» пәнін семестр бойына оқыту барысында; сонымен қатар «Қызықты психология» үйірмесінің жоспарға сай жұмыстарында, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарында салыстырмалы талдау жасалып, төмендегідей нәтиже алынды (Сурет-1):

- Студенттерді пәндік оқыту саласы бойынша 7% білім сапасының артуы;
- «Қызықты психология» үйірме жұмысын ұйымдастыру тиімділігін 13% артуы;
- СҒЗЖ қалыптастырушы эксперимент нәтижесін мониторингілеудегі артықшылығы 6% көрсетті.



Сурет-1 Arper мобильді қосымшасын білім беру үдерісінде қолданудың салыстырмалы көрсеткіші.

Қашықтан оқыту жағдайында да, дәстүрлі оқыту барысында да Arper мобильді қосымшасын оқу үдерісінде пайдалану үшін ұялы телефондағы WhatsApp қосымшасы арқылы чатқа және экранға шығару, студенттерге e-mail, әлеуметтік желілерге тарату, сайтқа біріктіру арқылы ұсынылды. Google Play-ден Arper қосымшасын жасауды таңдап, жасалған қосымшаға мақсат-міндеттеріне қарай студенттерге мәліметті қарау мүмкіндігімен, материалдарды жариялау ерекшеліктерімен немесе қажетті дизайн таңдаумен қосарланған мәліметтер базасы болып табылады.

Қорыта келе, инновациялық жоба аясында Arper мобильді қосымшасын пайдалану заманауи білім беру процесінің ажырамас бөлігі екенін дәлелдеп, қашықтан жұмыс барысында ақпаратты визуализациялау бойынша әдістеме өткізудің тиімділігін, сабақтың мүмкіндіктерін кеңейтудің, студенттерге ғылыми-шығармашылық идеялардың көрінісінде және жалпы сыни білім беру өнімін құруда тең құқылы қатысушы болуға мүмкіндік берудің тиімді әрі қолжетімді тәсілдерін ұсынамыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Меркулов А.М. Обучение при помощи мобильных устройств – новая парадигма электронного обучения / А.М. Меркулов. – Текст: непосредственный // Молодой ученый. – 2012. – № 3 (38). – С. 70-75. URL:<https://moluch.ru/archive/38/4333>
2. Мобильное обучения и мобильные приложения в образовании <https://infourok.ru/statya-na-temu-mobilnoe-obucheniya-i-mobilnie-prilozheniya-v-obrazovanii-875559.html>. – Дата доступа: 24.11.2017.
3. Титова С.В. Мобильное обучение сегодня: стратегии и перспективы. URL:<http://www.ffl.msu.ru/research/vestnik/1-2012-titova.pdf> (дата обращения: 10.04.19).

ӘОЖ 37:002

ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДА QUIZIZZ ЭЛЕКТРОНДЫҚ РЕСУРСЫН ҚОЛДАНУ

В.Т. Арыстанғалиева

аға оқытушы, магистр

Т.Т. Мақсотова

оқытушы, магистр

мектепке дейінгі және бастауышта

білім беру кафедрасы

Түйіндеме: Бұл мақалада оффлайн және онлайн форматта оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын Quizizz сандық құралының ерекшелігі, мүмкіндіктері және тиімділігі туралы жазылған.

Аннотация: В данной статье описаны особенности, возможности и эффективность цифрового инструмента Quizizz, используемого в образовательном процессе в оффлайн и онлайн форматах.

Кілттік сөздер: Quizizz сандық құралы, оқу-тәрбие үдерісі.

Педагогикалық тәжірибеде заманауи электрондық білім беру ресурстарын пайдалану оқу үдерісін жетілдірудің маңызды құрамдас бөлігі. Бұл педагогтардың сабаққа дайындалуға жұмсалатын жүктемесі мен уақытын айтарлықтай азайтады.

Сондай-ақ озық технологиялар мен цифрлық білім беру ресурстары сабақтардың жаңа мазмұнына ықпал ете отырып, түсінуге оңтайлы жағдай жасайды. Білімді меңгеру процесін жылдамдатады және студенттердің пәнді оқуға деген қызығушылықтарын арттырып ынталандырады.

Бүгінгі күні ғаламторда оқу процесінде, әсіресе қашықтан оқыту кезінде толық пайдалануға болатын әртүрлі веб-қызметтердің көптеген түрлері бар. Солардың бірі, назар аударуға тұрарлық Quizizz.com веб-ресурсы.

Quizizz сандық құралы 2015 жылы құрылған тегін интернет қосымшасы (сурет-1). Бастапқыда Quizizz студенттерді оқытуға бағытталған, бірақ уақыт өте аталған сандық құрылғы білім алушылардың арасында танымал болды. Қосымша әр студентпен кері байланыс орнатуды автоматты түрде жүзеге асырады, бұл қашықтықтан оқытуда үлкен маңызға ие. Quizizz сандық құралы студенттердің пәнді оқуға деген ынтасының өсуіне оң әсерін тигізеді[1].



Сурет-1

Quizizz платформасын пайдалана отырып, танымдық викториналар, аудиториядан тыс іс-шаралар өткізуге, өз бетінше тесттер құруға немесе дайын тесттерді таңдауға, соның ішінде үй тапсырмасы түрінде сұрауға және студенттердің үлгерімін бақылауға болады.

Студенттер ғаламторға қосылған құрылғы арқылы тест тапсыра алады. Жұмысты бастау үшін студент мекен-жай жолағына сайттың мекен-жайын енгізіп, оған өтуі керек.

Пән оқытушысы әртүрлі тесттік қосымшаларды құра алу үшін алдымен осы ресурста оқытушы ретінде тіркелуі керек. Осыдан кейін оқытушы өз жеке кабинетіне өтіп, топтар мен пәндер бойынша, бөлінген папкаларды жасақтау керек.

Тапсырманы орындау барысында тыңдаушылар оқытушы жіберген код (пароль) арқылы жүйеге кіреді. Шектеулі уақыты бар әр сұрақтарға жауап береді. Әр өтілген сұрақ сайын дұрыс жауап берген қатысушы алдыңғы қатарға ауысып отырады. Ең көп қате жіберген студент, әрине тізім соңында қалады.

Сандық құрал білім алушылардың интеллектуалды ойлау қабілетін арттырады. Ойынды бірнеше рет қайталау нәтижесінде формулалар жатталып, қиын сұрақтар есте қалады. Бұл ойын тіпті сабақ кезінде бәсең жұмыс істейтін студенттің өзін қызықтырып жібереді.

Аталған жүйеде қашықтан оқыту бұл білім беру үдерісінің жаңаша ұйымдастырылуы. Оқыту ортасы білім алушылардың кеңістікте не уақытта оқытушылардан алшақ болуымен, және бір уақытта коммуникация құралдарының көмегімен кез келген уақытта диалог жасау мүмкіндігіне ие. Кез келген жаңа үдеріс ретінде қашықтан оқыту да сыни көзқарас тудырады, бұл бірқатар шынайы мәселелермен шартталған: педагогикалық, психологиялық, құқықтық, экономикалық мәселелерді біз терең қарастырмаймыз, алайда қашықтан оқытудың ең өзекті мәселесін қозғаймыз. Бұл әрбір оқытушыға қатысты мәселе – бұл оқыту үдерісі жүзеге асырылатын платформа таңдауы болып табылады.

Quizizz сандық құралының мүмкіндіктері:

- Бірнеше нұсқадан бір жауабы бар сұрақтар;
- Бірнеше жауаптарды таңдау;
- Ашық жауаптары бар сұрақтар;
- Эссе, мәтін, шығарма жазу мүмкіндіктері бар;
- Сауалнама жүргізу;
- Сілтемені бөлісу мүмкіндігі бар;
- Ерекше білім беруді қажет ететін студенттерге дыбыстық режимнің болуы;
- Сурет салу, математикалық формулалар, видео, аудио, слайд, сурет қоюға болады;
- Студенттің қатемен жұмыс жасауына мүмкіндік береді;
- Білім алушылардың оқуға деген мотивациясын (сұраққа жауап беру барысында дұрыс немесе қате жауаптарға ұпай сандары автоматты түрде көрінеді) арттырады.

Оқу-тәрбие жұмысындағы Quizizz:

Осы сандық құралдың көмегімен келесі жұмыстарды атқаруға болады:

- * оқыту және оқу үдерісін қолдау;
- * ойындар, сауалнамалар мен викториналар өткізу;
- * студенттер арасында жарыстар мен байқаулар ұйымдастыру;
- * тест өткізу;
- * үй тапсырмасын ұсыну;
- * әр студенттің нәтижелерін қадағалау;
- * әр студентпен автоматты түрде кері байланыс орнату.
- * топ студенттерінен жеке мәліметтер алу үшін қолдану[2].

Quizizz-тің басқа сандық құралдардан ерекшелігі:

Біріншіден, тест қосылғаннан бастап топтағы студенттер өз темптерінде сұрақтардың дұрыс жауабын белгілейді және бұл басқа қатысушылардың жауап беру жылдамдықтарына тәуелді болмайды.

Екіншіден, Quizizz – те құрастырылған тест сұрақтарын алдын ала жоспарлауға болады. Яғни оны үй тапсырмасы ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.


Үшіншіден, «уақыт» параметрін алып тастау мүмкіндігі бар, сонда студент сұраққа ойлана отырып жауап береді, яғни студентте уақыт кетіп қалады деген үрей болмайды. Сонымен қатар бұл студенттің мәліметті оқып, ізденіп, еске түсіруіне мүмкіндік береді.

Quizizz сандық құралы түрлі формаларда қолданылады. Мысалы: топта да (жекелей және командалық жұмыс формасы), үй тапсырмасы ретінде де. Педагог әр білім алушының жұмысын қадағалап, топ жұмысының толық картинасын ала алады, сонымен бірге алынған мәліметтерді Excel кестесі түрінде алуға мүмкіндік бар.

Оқытушының құралдар панелі кабинетіңіздің сол жағында орналасқан мұғалім қолданатын негізгі құралдар (сурет-2). Панельде келесідей бөлімдер бар:


- тест құру;
- белгілі бір тақырып бойынша дайын викториналар іздеу;
- сіз құрған викториналар;
- білім алушылардың әрбір орындаған тапсырмалары бойынша есебі, дұрыс емес орындалған тапсырмаларды талдау;

- топ тізімі;
- жаңа сыныптар құру;
- барлық тесттар, викториналар ұсынылған коллекциялар тізімі [3].




Сурет-2

Тест құру бөлімі тесттің алуан түрлерін ашады (сурет-3). Панельдің жоғары бөлімінде тест, сауалнамалар не викториналар жасау үшін сізге «+Жаңа тест құру» батырмасын басу керек. Сіздердің алдарыңызда тест түрлерін таңдау керек: бір жауап /көптеген таңдау/ қысқа жауап (жауап беруде сөз/фраза/сан талап етіледі), сауалнама, сұрақтың ашық түрі (толық жауапты талап етеді).




Сурет-3

«Бір жауап таңдауы бар» тест нұсқасын қарастырайық (сурет-3). Сол жағына сіз өз сұрағыңызды жазасыз, панельдің оң жағында сіздің сұрағыңыз бірден көрінеді, сонымен бірге жауап нұсқаларын да көруге болады. Сұрақ енгізуде сізге кез келген суретті, дыбыстық сүйемелдеу, смайлдар, түрлі символдар, сонымен қатар математикалық теңдеулер (сурет-4) қою мүмкіндігі бар. Панельдің төменгі сол жақ бұрышында батырма бар, оның көмегімен біз берілген тапсырмаға уақытты реттей аламыз, ол 30 секундтан 15 минутқа дейін созылуы мүмкін. Сұрақ пен жауап нұсқаларын енгізгеннен кейін дұрыс жауаптардың тұсына белгі қоямыз, «спасти» батырмасын (ағылшын тілінде «сақтау» дегенді білдіреді) басып сақтаймыз.




Сурет-3



Сурет-4

«Есептер» бөлімінде әр берілген тест бойынша және әрбір студент бойынша жекелей есеп ұсынылған (сурет-5).



Сурет-5

Есепте студенттің тапсырманы қанша пайызға орындағаны және сұрақтардың қайсысы оқушыға қиындық тудырғанын көруге мүмкіндік бар (сурет-6)

Богдан Иванов (Бо...	22	1. Сравнительная степень формируется Данил Балтахинов* answered ✖ только одним способом: частица more перед прилагательным. Beautiful = more beautiful Time taken: 35 seconds				✓
Иван Собенников ...	22					✓
Геннадий Марчен...	21					✓
Марк Меньшенин ...	20					✓
Данил Балтахинов...	20740 (95%)	✖	✓	✓	✓	✓
Анастасия Еремее...	20440 (95%)	✓	✓	✓	✓	✓

Сурет-6

Топ құру және басқару бөлімінде топтардың шектеусіз санын енгізе аламыз, сонымен бірге студенттерді бір топтан екіншісіне ауыстыра аламыз. Оқытушыда тапсырманы тек бір топқа емес, нақты студентке беруге мүмкіндігі бар. Студенттер сіздің тобыңызда көрінуі үшін сізге «Студенттерді қосу» батырмасын басу қажет, содан кейін сілтемені көшіріп, студенттерге тарату керек. Одан басқа студенттерге ата-аналарының электронды мекен-жайын енгізуді талап етуге болады (сурет-7).

Класс	Ученик	Родитель или опекун
ПОАТ-19 11 ученики	☐ Dasha Fedorova	Введите адрес электронной почты родителя или опекуна
Добавить студентов	☐ Ekaterina Orlova	Введите адрес электронной почты родителя или опекуна
СГ-19 Новый класс	☐ Eshi Dorzhiev	Введите адрес электронной почты родителя или опекуна

Сурет-7

Белгілі бір тест, сауалнама не викториналарды дайындаған кезде қосымша мүмкіндіктер панелі пайда болады. Осы функциялардың кез келгенін алып тастауға болады:

- *тесттің орындалу уақыты;
- *тест орындау берілетін мүмкіндіктер саны (егер бұл жаттығатын тест болса, санын шексіз қылуға болады);
- *ойын кезінде соңында жауаптардың көріну; сұрақтарды араластыру; жауаптарды араластыру;
- *мемдар көрсету;

*музыка енгізу (студент тест орындау кезінде құрылғыда жай музыка ойнайды);

*көшбасшылар кестесін көрсету (білім алушылар тапсырма орындағаннан кейін тапсырманы үздік орындаған студенттерді көре алады) [4].

Аталған платформа арқылы тест, викториналардың алуан түрін жасауға болады. Аталған платформа барлық оқытушыларға ұсынуға болады, себебі ол кез келген пән оқытушысына тиімді, тест жұмысын тексеруді жеңілдетеді, студенттерге өзінің дағдылары мен іскерліктерін қызығушылықпен өңдеуге мүмкіндік береді.

Әрине, кез келген платформа сияқты бұл қосымшаның да кемшіліктері бар. Жеке жұмысты ұйымдастырған кезде әрбір студенттің қолында интернетке қосылған смартфон немесе планшет болатынына сенімді бола алмаймыз. Бұл жағдайда топтық немесе жұптық жұмысты ұйымдастыруға болады.

Quizizz.com сайтын пайдалану тәжірибесі көрсеткендей, бұл платформаны пайдалана отырып, мониторингті ұйымдастыру білім алушыларда оң реакция тудырады және дәстүрлі формаларға қарағанда көбірек мотивация береді.

Quizizz.com қызметін пайдалану тек студенттер үшін ғана емес, мұғалімдер мен ата-аналар үшін де қызықты. Интерактивті қосымшалар арқылы материалды қызықты, ең бастысы танымдық түрде меңгеруге де мүмкіндік бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://marinakurvits.com/quizizz/>
2. Аствацатуров Г.О. Quizizz – еще одна любопытная программа онлайн тестирования [Электронный ресурс] // Дидактор. - Режим доступа: <http://didaktor.ru/quizizz-eshhe-odna-lyubopytnaya-programma-onlajn-testirovaniya/>
3. Короленко С. Quizizz – веб-инструмент для создания интерактивных викторин [Электронный ресурс] // Сетевое пространство педагога (технологии web 2.0). – Режим доступа: <http://ivanovoedutechnology.blogspot.ru/2015/12/quizizz>
<httpquizizz.html>

4. Курвитс М., Quizizz для создания викторин и тестов. Пошаговая инструкция. [Электронный ресурс] – Режим доступа: <http://marinakurvits.com/quizizz/>

УДК 378.018.43

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОЦСЕТИ INSTAGRAM ПРИ ПРОВЕДЕНИИ УЧЕБНОЙ ПРАКТИКИ ПЕРВОКУРСНИКОВ В ДИСТАНЦИОННОМ ФОРМАТЕ

*Абузярова Э.Р.,
старший преподаватель кафедры
русской филологии, магистр*

Метод использования соцсетей в учебной работе был применен в качестве способа быстрого реагирования на вызов времени. Таким вызовом для всех участников учебного процесса было введение дистанционного формата обучения в марте 2020 года.

Проект «Использование соцсети Instagram при проведении учебной практики первокурсников в дистанционном формате», представленный на конкурс «Внедрение инновационных технологий обучения», был введен в учебный процесс прохождения речевой практики студентами первого курса в мае 2020 года и апробирован повторно в мае 2021 года.

В проведении летней учебной практики, а именно речевой практики, этот метод послужил в качестве вспомогательного метода коммуникации наряду с коммуникацией через чаты WhatsApp и видеоконференции в Zoom.

Речевая практика студентов нацелена на овладение знаниями и умениями эффективного речевого взаимодействия с целью формирования развитой коммуникативной личности, способной к продуктивному речевому общению (как устному, так и письменному) в любых профессионально и социально значимых ситуациях.

В основе проекта лежат такие методические принципы обучения русскому языку, как принцип коммуникативности, принцип взаимосвязанного обучения всем видам речевой деятельности, экстралингвистический принцип (понимание связи языка и внеязыковой действительности), принцип развивающего обучения, принцип сознательности и активности [1].

Введение дополнительного способа коммуникации (особенно в период дистанционного формата обучения) через социальную сеть (в частности Instagram) способствовало не только лучшему достижению задач речевой практики, но и развитию функциональной грамотности студентов, измеряемой в последнее десятилетие у школьников с помощью международной программы по оценке образовательных достижений учащихся PISA, а у студентов 3 курса вуза – тестированием по критическому мышлению.

Функциональной грамотностью в «Новом словаре методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам)» Азимов Э.Г., Щукин А.Н. обозначают «способность человека вступать в отношения с внешней средой и максимально быстро адаптироваться и функционировать в ней, функциональная грамотность есть уровень знаний, умений и навыков, обеспечивающий нормальное функционирование личности в системе социальных отношений, который считается минимально необходимым для осуществления жизнедеятельности личности в конкретной культурной среде» [2, 342].

Цель проекта: использовать социальную сеть в качестве вспомогательного метода формирования коммуникативной компетенции.

Задачи руководителя проекта:

1. Обосновать значимость проекта.
2. С ориентиром на результат обучения разработать рекомендации для студентов.
3. Внедрить проект, поддерживать его активное функционирование в течение практики.
3. Мотивировать студентов на участие в проекте.
4. Через рефлексию студентов сделать выводы о практической ценности проекта.

Количество студентов, использующих разработку: в 2019-2020 уч.г. – 36 студентов, в 2020-2021 уч.г. – 23 студента. Все 59 студентов, обучающихся по ОП «Русский язык и литература в школах с нерусским языком обучения», участвовали в проекте во время прохождения речевой практики во втором семестре первого курса.

Суть проекта заключается в отражении результатов каждодневной работы студентов в виде текстов по заданиям практики на общей странице Instagram. Аккаунт открывают и ведут 2 выбранных студента – лидера проекта: 1. Ответственный редактор, 2. Дизайнер-SMM специалист. Сегодня Instagram – это одна из самых популярных социальных сетей во всем мире, число пользователей которой более 1 миллиарда. Сложно встретить человека, который не имеет аккаунта в Инстаграм или хотя бы не слышал о существовании этой соцсети.

Всем студентам в первый день речевой практики наряду с объяснением всех этапов прохождения практики даются специальные рекомендации по ведению Instagram:

1. На странице практики публикуются тексты студентов по заданиям каждого дня практики.
2. Тексты должны быть оригинальны, авторство выполнившего студента указывается.
3. За соответствие текста нормам русского языка (грамматическим и стилистическим) отвечает автор текста.
4. Решение о публикации того или иного текста и окончательное редактирование делает выбранный ответственным редактором студент.
5. Страницу в социальной сети ведет помощник редактора по дизайну и СММ. Он отвечает за своевременность публикаций, визуальный вид страницы.
6. Приветствуется активное обсуждение каждой публикации в комментариях всеми студентами.

О внедрении инновационной технологии в учебный процесс можно судить по страницам практики: *rechevaya_praktika_gyalsh22* (в 2020 году), *gyalsh_practice* (в 2021 году), где опубликованы письменные тексты – результаты творческой работы студентов, а в комментариях под постами

студенты пишут свои суждения и дают словесную оценку на работу однокурсников.




Рисунок 1. Скрин страниц речевой практики в Instagram

Задания, представленные студентами в портфолио, проверялись руководителем практики отдельно, после чего каждому студенту давался отдельный комментарий и поправки к тексту. Сама же соцсеть служила для презентации текстов для других студентов и для возможности комментирования творческих работ друг другом.

В соответствии со студентоцентрическим подходом студенту предоставляются большие возможности относительно выбора содержания, темпа, способа и места учебы. Путем устного опроса в установочной конференции и рефлексии-анкетировании студентов-участников проекта в конференции по итогам практики были собраны и проанализированы ответы студентов на следующие вопросы:

1. Помогла ли соцсеть в выполнении задач речевой практики?

2. Мотивировала ли вас возможность быть опубликованным к созданию более качественных и интересных текстов?

3. Рекомендуете ли вы использование соцсетей для дальнейшей работы руководителя практики со студентами?

4. В чем были трудности при публикации ваших текстов?

5. Что, по вашему мнению, можно сделать лучше в организации работы на речевой практике через соцсети?

В анкетировании приняли участие 21 студент. 20-ти из них социальная сеть помогла в выполнении задач речевой практики, 20 студентов возможность быть опубликованным мотивировала к созданию более качественных и интересных текстов. 19 студентов рекомендуют методику для дальнейшей работы руководителя практики со студентами, двое рекомендуют с дополнениями. Все студенты отметили, что трудностей при публикации текстов не возникало. На 5-й вопрос студенты дали ответы с рекомендациями, которые можно сгруппировать следующим образом: рекомендация увеличения количества заданий для развития речевой практики; рекомендация добавления опросников; рекомендация требования писать отзывы на работы других студентов; рекомендация подготовки видеоматериалов; рекомендация использования аудио возможностей для проговаривания текстов.

В целом, вывод по анкетированию можно сделать только в пользу использования данного метода, а для его совершенствования включать в будущую работу больше заданий для развития устной речи (запись видеороликов).




Рисунок 2. Скрин страниц с текстами

Достоинствами введения вспомогательного метода по использованию соцсети Instagram при проведении учебной практики первокурсников в дистанционном формате мы считаем: 1. Доступность и простота в использовании благодаря широкой известности соцсети Instagram, 2. Возможность взглянуть по-новому на давно используемую сеть. 3. Дополнительные коммуникативные возможности как при он-лайн, так и при оф-лайн обучении.

Недостатками является возможность делать публикации только у одного-двух человек (ведущих аккаунт), ограничения Instagram в объеме текста (2020 символов).

Список использованной литературы:

1. Методика преподавания русского языка в школе: Учебник для студ. высш. пед. учеб.заведений / М.Т. Баранов, Н.А. Ипполитова, Т.А. Ладыженская, М.Р. Львов; Под ред. М.Т. Баранова. – М.: ИЦ «Академия», 2001.

2. Азимов Э.Г., Щукин А.Н. Новый словарь методических терминов и понятий (теория и практика обучения языкам). М.: Икар, 2009. 448 с.

УДК 372.854

СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭКСПЕРИМЕНТТІК Д АҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУДЕ КОМПЬЮТЕРЛІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

М.М. Мукашева

химия кафедрасының оқытушысы, магистр

Оқу-тәрбие үрдісінде оқытушылардың жаңа ақпараттық технологияларды қолдануы олардың педагогикалық идеяларын іске асыруға мүмкіндік береді. Қазіргі дамыған қоғамды ақпараттық үрдіс сипаттайтындықтан болашақ мамандарға ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мәселесі жоғарғы оқу орыны білімінің алдына қойған мақсаты болып саналады /1, 102 б/.

Жоғары оқу орындарында бағдарламаларға сай оқыту үрдісінде белсенді және интербелсенді формаларда өтетін сабақтар кеңінен қолданылу көзділініп, соның ішінде компьютерлік технологиялар көмегімен өткізілетін аудиторлық сағатар 5-тен 30 пайызға дейін болуы қажет. Жалпы, жаңарған оқыту құрылымы мен ұйымдастырылуы студенттердің қызығушылығы мен қабілеттеріне, рухани дамуына икемді болуы қажет. Осыған орай компьютерді оқыту үрдісіндегі ең жоғары дәрежедегі интербелсенділікпен сипаттап, студенттердің мамандыққа деген қызығушылығы мен білім алудың үздік мүмкіндіктерін игере алатындығын ескеру тиіс/2, 79 б/.

Химияны оқыту барысында қолданылатын компьютерлік бағдарламалардың мазмұны сабақтың мақсатымен, мазмұнымен және оқу материалын берудегі бірізділігімен анықталады. Осыған байланысты химияны оқытуда қолданылатын барлық компьютерлік бағдарламаларды төрт түрге бөлуге болады: белгілі бір тақырыптағы анықтамалық құралдар; тәжірибе нәтижесінде шыққан мәндерді және есептерді шығару; виртуальді лабораториялық жұмыстарды жүргізу және ұйымдастыру; білімді бақылау және бағалау бағдарламасы /3, 67 б/.


Өртүрлі педагогикалық бағдарламалық әдістердің арасында ерекше қолданылатыны компьютерлік моделдер. Оқу үрдісінде компьютерлік моделдерді қолдану оқу үрдісінің көрнекілігін ғана арттырып қоймай сонымен қатар оның сапасы мен қарқындылығын да арттырады.

Оқытуда компьютерлік модельдерді сабақ барысында қолдану (мысалы, атом-құрылысын зерттеуде, химиялық байланыстың түрлерінде, зат құрылысында, электролиттік диссоциация теориясында, химиялық реакция механизмінде стереохимиялық көзқарастарда және т.б.) баға жетпес көмекші ролін атқарады. Бұл айтылған модельдердің барлығымына бағдарламаларда – Molecules-3D, ChemLand, CS Chem3D Pro, ChemCad, т.б. іске асады. Зертханалық жұмыстардағы химиялық реакциялардың, химиялық құрал-жабдықтардың модельдері төмендегі бағдарламаларда іске асады: ChemLab, IR and NMR Simulator т.б. Виртуальді лабораториялар тәжірибелік жұмыстарды жүргізуге мүмкіншілік болмай қалған жағдайларда пайдаланылады/4, 179 б/.

Аталған бағдарламалар ішінен жоғары оқу орны оқытушылары мен студенттердің арасында кең қолданыста жүрген бағдарламаларға тоқталайық.


Chemlab – лабораторлық тәжірибелерді модельдеуге арналған бағдарламалық пакет. Бұл бағдарлама лабораториялық эксперименттерді модельдеуге және лабораторлық журнал жүргізуге мүмкіндік береді. Экранның сол бетінде Introduction – қысқаша мәлімет, эксперименттің теориясы, Procedure – экспериментті жүргізуге қажетті сатылы әрекет жасауға мәлімет берілген, Observation – эксперимент жүзгізу кезіндегі бақылау және нәтижесі.

Менюда лабораториялық құрылғылардың келесі түрі берілген: химиялық стакандар, колбаның түрлеі, сынауықтар, цилиндр, бюретка, тамызғыштар, сағат шынысы, воронкалар, магнитті араластырғыштар, калориметр, кондуктометр, потенциостаттар, спектрофотметр және т.б. Дистилдеуге арналған құрылғылар және әр түрлі таразылардың түрлері. Бағдарлама мамндықтары бойынша көптілді топ студенттерімен жұмыстануда ыңғайлы (сурет-1).



Сурет-1 Chemlab – бағдарламасындағы лабораторлық құрылғылар менюі.

Стандарты лабораториялық әдістемелерге титрлеу, декантациялау, салқын немесе ыстық су моншасы, температураны өлшеу, таразы, рН, электрөткізгіштік, кернеу және көлем берілген.



Сурет-2 Chemlab – бағдарламасындағы потенциометрлік титрлеу нәтижесі.

Таңдау бойынша Chemlab бағдарламасында аналитикалық химиядан, электрохимиядан, гравиметрлік анализ жүргізуден, тотығу-тотықсыздану реакциясы бойынша эксперименттік модельдеу қарастырылған. Студенттердің өзіндік жұмысы ретінде бағдарлама көмегімен потенциометрлік титрлеуден әдістеме бойынша виртуальды лабораторияда жұмыс өздері жұмыстанып (сурет-2), алған білімдерін, кейін лабораторлық сабақта титрлей нәтижесінде алынған мәліметтерді өңдеуге септігін тигізеді.

Студенттердің білімін бақылау мен бағалау бағдарламалары ішінде жүйеде жұмыс жасайтын www.socrative.com қолданылады. Socrative – студенттерге арналған викторина. Оқытушылардың онлайн викторина көмегі арқылы студенттердің білімін бағалауға арналған мобильдік бағдарлама.

Жоғарғы оқу орындарында Socrative программасын қолдану кеңінен таралуда. Оқытуша өз бетінше студенттерге викториналар немесе сабақты өткізуге стандартты викториналарды құрастыра алады. Берілген сұрақтарға студент өз атымен немесе анонимді түрде жауап бере алады. Бүгінгі таңда бұл бағдарламаны миллионға жақын оқытушылар мен студенттер қолдануда және күннен күнге өсуде. Студенттер тапсырманы орындап болған соң оқытушы лезде жауаптарының статистикасын көре алады. Оқушылардың жауаптары оқытушыға

қаншалықты берілген материал қамтылғанын анализдеуге және оқу бағдарламасын жақсартуға мүмкіндік береді.



Room: SOC15

Dashboard Manage Quizzes Live Results

Space Exploration

Name	Progress	#1	#2	#3	#4	#5
Donner, Alexis	100% ✓	C	False	Jupiter	E	True
Harris, Matthew	100%	D	False	Saturn	B	False
Hauser, Dennis	80%	D	False	Jupiter	E	
Howard, Allison	100% ✓	D	False	Jupiter	E	False
Jenkins, Rosa	100% ✓	D	True	Jupiter	D	True
Jones, Maria	100% ✓	D	False	Jupiter	E	True
Loveland, Dariah	80%	D		Jupiter	E	True
Mansfield, Susan	60%		False		E	True
Smith, Jared	20%	D				
Tuft, Sam	40%			Venus	E	
Warren, Bethany	100%	D	False	Venus	C	True
Class Total		89%	88%		70%	75%

Click on Question #s or Class Total %s for a detailed question view

Socrative Student Response by MasteryConnect

Сурет-3 Socrative онлайн жүйесінде студенттердің тестілік жұмыс нәтижелері.

Викторинаны құрастыру үшін оқытушының мобильдік құрылғысында арнайын қосымша болуы тиіс. Қосымшада тест варианттарының әр түрі бар: сұрақ түрінде, яғни сұраққа «дұрыс» немесе «дұрыс емес», бірнеше жауап варианттарымен немесе ашық сұрақ түрінде. Егер викторина анонимді емес түрде жүргізілсе, онда әр оқушының мобильдік құрылғысына кілт сөз беріледі. Кейін, тест аяқталған соң оқытушының мобильдік телефонының экранында оқушылардың дұрыс жауаптары жасыл, ал қате жауаптары қызыл түспен кесте түрінде шығады (сурет-3). Студенттердің айтуынша Socrative көмегімен жүргізілетін сабақтар қызықты өтеді.

Аталған бағдарламаларды химия сабақтарында қолданудың жетістіктері: материалдың көлемді болуы, оңай игерілуі және оған қызығушылықтың артуы; химиялық тәжірибелердің виртуальді лабораторияда жұмыс істеумүмкіндігі; сабақ жылдамдығының 10-15 %-ке артуы; білімді бағалаудың әділдігі мен қолжетімділігі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: оқу құралы. – Алматы, 2009.
2. Гавронская Ю.Ю. Бабинцева Е.И., Оксенчук В.В. Использование виртуальной лаборатории при изучении растворов в курсе химии // Актуальные проблемы химического и

экологического образования: Сборник научных трудов Всероссийской научно-практической конференции химиков с международным участием, Санкт-Петербург, 15-18 апреля 2015 года. СПб.: Изд-во РГПУ им. А. И. Герцена, 2015.

3. Белохвостов А.А., Аршанский Е.Я. Электронные средства обучения химии: разработка и методика использования. Минск: Аверсэв, 2012.

4. Мынбаева А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или как интересно преподавать: учебное пособие: 4-е изд., доп. – Алматы, 2010.

ОӘК 37.091.33

«MOODLE» ПЛАТФОРМАСЫНДА ТЕСТ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖАСАУ ЖӘНЕ ОҚУ ҮРДІСІНДЕ ҚОЛДАНУ


Б.С. Альжанова,
биология және экология
кафедрасының доценті, а.ш.ғ.к.
А.С. Бисенгазиева,
аға оқытушы, магистр

Қазіргі кезде интерактивті оқыту технологиялары таңсық емес, керісінше негізгі мәселе болып оларды оқу үрдісінде дұрыс таңдау және тиімді пайдалану болып отыр. Олар өте күрделі, уақытты көп алатын болмауы тиіс және оқыту мақсатымен тығыз байланысты. Қашықтан және аралас оқыту жүйесіне көшкенде Moodle LMS платформасы немесе виртуальды оқыту ортасы кең қолданылды. Бұл платформа ЖОО оқытушыларының цифрлік компетенциясын арттыру мақсатында жасалып, білімді бағалаудың тиімді жүйесі арқылы білім алушылардың оқу үрдісіне мотивациясын арттыруға және білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Moodle аббревиатурасы «Modular Object-Oriented Dynamic Learning Environment» модульді объект-бағдарланған динамикалық оқыту ортасы деген мағынаны білдіреді. Moodle

қашықтан оқыту жүйесінің авторы – Martin Dougiamas (Австралия) [1]. Бұл платформа ЖОО оқытушыларының цифрлік компетенциясын арттыру мақсатында жасалып, білімді бағалаудың тиімді жүйесі арқылы білім алушылардың оқу үрдісіне мотивациясын арттыруға және білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді.

Профессор оқытушылар қауымы арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері Moodle платформасын оқу контентін орналастыру, сақтау мақсатында және білім алушылар жауабын талдауға ғана қолданылатынын көрсетті (сурет 1).



Сурет 1. Moodle платформасында тест жасаудың қолдану деңгейін анықтау мақсатында «Ментиметр» бағдарламасы арқылы жүргізілген сауалнама нәтижелері

Сауалнама нәтижелері Moodle платформасының ресурстарын білім алушылармен кері байланыс жасауда түгелдей дерлік ресурстарын қолданбайтынын көрсетті, сонымен қатар тест жасауда «Google Forms», «Kahoot» және «Quizizz» бағдарламаларын қолданатыны анықталды. Moodle платформасында негізгі инструменттердің бірі «Тест» элементі немесе ресурсын өте сирек қолданатыны анықталды. Moodle платформасында «Тест» элементі немесе ресурсы білім алушылардың білімі мен құзіреттілігін аз уақытта сапалы бағалауға мүмкіндік береді. Қолдану тиімділігіне қол жетімділігі, оперативтілігі, объективтігі және білім алушылардың байланыс үшін тиімділігі, үнемі сілтеме жасаудың болмауы т.б. Тестілеуді контактілі сабақ кезінде немесе сабақтан тыс уақытта да жүргізуге болады. Бұл әсіресе лек арқылы оқитын студенттер тобы үшін өзекті болып саналады.

«Moodle» платформасында тест бағдарламасын жасау бірнеше этаптардан тұрады:

1) Тест тапсырмаларының қорын (банкін) жасаудың мақсаты мен міндеттерін анықтау.

Мақсаты: Тест тапсырмалары білім алушылардың оқу бағдарламаларын игеруін мақсатында құрастырылған.

Міндеті: білім алушылардың пән бойынша білім деңгейлерін анықтау мен қалыптасқан құзіреттіліктерін бақылау.

Өткізу форматтары:


- бақылау тестілеу (ағымдағы және қорытынды).
- өз бетімен дайындалу.
- алдын ала тестілеу (пәнді игеру алдында немесе модульдік материалды игеру алдында).
- қалыптасқан білім деңгейін тексеру.

Тест тапсырмалары қандай мақсатта жүргізілетінін білу өте маңызды. Егер мақсаты дұрыс анықталмаған болса, тест тапсырмаларының құндылығы төмендейді.

2) Тест тапсырмалары қорының құрылымы мен тақырыптық мазмұнын анықтау.

Егер тестіні тек бір рет қана жүргізсе, онда оның қорын жасау қажеттігі жоқ. Бірақ Moodle жүйесінде тест тапсырмаларын бірнеше рет және әртүрлі мақсатта пайдалануға болады: дәріс және семинар сабақтарында орындалатын тапсырмалар, әрбір модуль, тарау немесе жеке тақырып бойынша бақылау тапсырмалары, рейтингілік бақылау, қорытынды бақылау т.б.

Сондықтан алдымен тест тапсырмаларының қорын жасау қажеттілігі туындайды. Тест тапсырмаларының қорының құрылымы немесе тест спецификациясы пәннің жұмыс бағдарламасына сәйкес құрылып, бір немесе көп деңгейлі категориядан болады (сурет 2). Категориялардың күрделілік бойынша біркелкі болуын ескеру керек.



Сурет 2. Moodle платформасында «Тест» элементін қосу және тест тапсырмаларының құрылымы (категориялар бойынша).

3) Тест тапсырмаларын құрастыру және бағдарламаға енгізу.

Бұл ең маңызды және үлкен уақыт пен күш-жігерді қажет ететін этап. Тест тапсырмаларының қолданыстағы формалары өте көп [2]. Солардың арасында мынадай тест формаларын кең қолдануға болады:

- жабық тест. Тест тапсырмалары берілген жауаптар нұсқасының ішінен бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдауды қажет етеді.

3. И.Я. Каплунович, Психологические закономерности развития пространственного мышления // Вопросы психологии. - 1999. - №1. - С. 64-68.

4. Е.Н. Кабанова-Меллер, Учебная деятельность и развивающее обучение. – М. : Просвещение, 1981.

5. А.Г. Маклаков, Общая психология. СПб: Питер, 2001.

УДК 94(574):323.1(084.4)

БҚО ЭТНОСТАРЫНЫҢ АТЛАСЫН ЖАСАҚТАП, САБАҚТА ҚОЛДАНУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Жалекенова Г.Т.

*ҚР тарихы кафедрасының
аға оқытушысы, магистр*

Әмен А.Ж.

*Дүниежүзілік тарих және ӘМП кафедрасының
аға оқытушысы, магистр*

Міндеттері: БҚО халқының этникалық құрамының ерекшеліктерін, тілдік отбасылар мен топтарды білу; халықтардың территорияға таралуы, ұлттық-территориялық құрылымдар; этностардың тарихы, мәдениеті, тұрмысы, дәстүрлерін оқып білу.

Талдай білу, негізгі проблемаларды анықтау; алған білімдерін жалпылау және жүйелеу; картамен және статистикалық материалмен жұмыс жасауды үйрену.

Мақсттары:

Білім беру: БҚО этникалық құрамы тақырыбы бойынша білімді қалыптастыру; материалды топ оқушылары арасында қайта бөлу арқылы қысқа уақыт ішінде білімнің үлкен көлемін игеруге ықпал ету; жаңа материалды кестелер мен карталарда жүйелеп, өз бетінше игеру дағдыларын дамытуды жалғастыру.

Дамытушылық: зерттелген материалды талдау, қорытынды, ұсыныстар жасау қабілеттерін қалыптастыруға ықпал ету; шығармашылық ойлауды қалыптастыруға, озық тапсырманы дайындауда ақпараттық технологияларды қолдануға ықпал ету.

Тәрбиелік: БҚО-да тұратын этностардың мәдениетін, салт-дәстүрін құрметтеуге, азаматтық және отансүйгіштік, жауапкершілік және ұжымшылдық сезімдерін тәрбиелеу.

Сабақ түрі: жаңа материалды зерттеу.

Әдістері: ішінара іздеу жұмыстары

Жұмыс түрлері: жеке, ұжымдық топтарында оқыту.

Құрал-жабдықтар: оқулық; БҚО этностарының электронды картасы; үлестірме материал; мультимедиялық проектор.

Батыс Қазақстан облысы еліміздегі Еуропаның шығыс бөлігінде орналасқан жалғыз аймақ. Яғни, БҚО Азия мен Еуропаның екі ортасында жайғасқан бірегей облыс десе де болады. Орта Азия мемлекеттеріне кіретін қақпа деп те атайды.

Кезіндегі Кеңестік ғылымға сәйкес сонау XX ғасырдың 50-ші жылдарына дейін Қазақстан жеріндегі Еуропа шекарасы дәл БҚО-дағы Жайықтың бойымен өтетіні туралы айтылған.

Көлемі жағынан БҚО Қазақстанның 6 пайызын құрайды. Аумағы 151 мың шаршы километрді алып жатыр.

Батыс Қазақстан облысының негізі сонау 1932 жылы қаланды. 1962-1992 жылдары Орал облысы болып аталса, 1992 жылы Батыс Қазақстан облысы атауы қайтарылды.

Облыста 650 мыңға жуық тұрғын бар, оның 300 мыңдайы қалаларда, 200 мыңдайы Оралда тұрады. Тұрғындардың 445 мыңы (71 пайыз) – қазақтар, 140 мыңы (22 пайыз) орыстар. Украиндықтар – 15 мың (2,5 пайыз), татарлар – 10 мың (1,5 пайыз) және басқа ұлттар бір-екі мыңнан келеді – 15 мың (2,3 пайыз).

БҚО Ресейдің бес, Қазақстанның екі облысымен шектеседі.

Облыс аумағында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан 90-нан астам ұлт өкілдерінің басын біріктіріп отырған бірегей ұйым - «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесі. Ол 2014 жылы құрылды. Мекеменің жеке ғимараты 2015 жылы пайдалануға берілсе, 2016 жылы Достық үйінің ресми ашылу салтанаты өтті. Жаңа әкімшілік ғимаратта этномәдени бірлестіктердің 16 кабинеті, БҚО ҚХА жастар қанаты, ардагерлер Кеңесі орналасқан. Оған қоса Ассамблея жанынан аналар, ғылыми-сараптамалық, қоғаммен байланыс жөніндегі кеңестер ойдағыдай қызмет етуде.

Облыстағы жергілікті біліктің барлығында дерлік аудан әкімдігінің басқаруымен ассамблея кеңестері құрылып, жұмыс

жасауда. Сонымен қатар жүз алпыстан астам қоғамдық келісім кеңесі құрылып, ассамблея жұмысына 2000 мыңға жуық жаңа белсенді тартылды. Мектептерде, жоғары және арнаулы орта оқу орындарында достық клубтары ашылып, бұл бағыттағы іс-шараларға төрт мыңнан астам жастар өкілі жұмылдырылды.

Облыс аумағында 53 этнобірлестік жұмыс жасайды, олардың 16-сы облыс орталығында орналасқан.

Атлас екі бөлімнен тұрады. Біріншісі БҚО-да тұратын этностар туралы материалдардың презентациясын қамтиды. Бұл жинаққа 1000-нан астам адамнан асатын барлық этникалық топтар, сондай-ақ аудандар бойынша енгізілген.

Бұл атласта барлық этникалық топтар жарық көрген жоқ, бұл эмпирикалық материалдар мен көздердің болмауына байланысты. Бөлімдер этникалық топтардың мәдениеті туралы толықтырылып, елде тұратын әртүрлі этникалық топтар туралы жанды түсінік береді.

Атластың екінші бөліміне **«Батыс Қазақстан облысы этникалық қарым-қатынас жағдайы»** электронды картасы қосылған.

Аталмыш ғылыми жұмыс өзінің жаңашылдығымен және заманауилығымен ерекшеленеді. Осы сұлба негізінде студенттер туған өлкенің этникалық топтардың тұрмыс тіршіліктерімен қатар этносаралық мәселелерімен танысады. Қарапайым флеш-технологиясын қолдана отырып жасалған бұл жұмыс сабақ беру барысында өз орнын таба білді.

Батыс Қазақстан облысы сияқты көпұлтты өңірде өңірлік дамуды жоспарлағанда халықтың этникалық және діни-идеологиялық ерекшеліктерін ескеру, азаматтардың өзіндік сана-сезімін сол ұлтқа қатыстылық сезімі негізінде қалыптастыру өте маңызды. олардың этникалық тобы мен көп ұлтты қазақ қоғамы, басқа этностардың салт-дәстүріне, тарихына, мәдениетіне, тіліне деген сүйіспеншілік пен құрмет. Қазіргі этникалық жағдай этносферада болып жатқан процестерді терең білуге негізделген қарым-қатынастарды үйлестіру үшін барабар практикалық шараларды қабылдауды талап етеді. Осы картамен жұмыс жасау барысында студенттер облыс этностарының жағдайларымен танысуға мүмкіндік алады. Алдағы уақытта түлектер әрбір салаға әлеуметтанушы маман болып жұмыс жасаған уақытта да осы

сұлба оларға көмекші бола алатын құрал екендігін сеніммен айтуға болады.

Бағдарламалық жүйеге екі ақпараттық бөлім кіргізілген: 1) облыс территориясының әкімшілік бөліну шекаралары, соның ішінде 12 аудан және елді мекендер енгізілген 155 ауылдық округтар.

2) кестелік ақпарат бөлімі, оның құрамына ауылдық округтардағы әлеуметтік кернеуліктердің деңгейі. Цифрлік форматтағы ақпараттар 8 негізгі көрсеткіштері бойынша Индекс жүйесінде келтірілген:

Жалпы этникалық қарым-қатынас жағдайы

- Ұлтаралық қатынастар тұрақты
- Жағдай бірқалыпты
- Жағдай орташа
- Жағдай орташа
- аз болсада шиеленіс байқалады
- Тілге байланысты түсініспеушілік бар
- Тұрмыстық деңгейде шиеленіс бар
- Ұлтаралық жағдайда қақтығысты

Әрбір Индекс сандық мінездемеге ие және 1 (кернеуліктің төменгі деңгейі) мен 10 (жоғарғы деңгей) диапазонында келтірілген. Аталған 8 Индекстердің орташа көрсеткіштерінің негізінде Ортақ Индекс шығарылады.

БҚО электронды сұлбасы келесідей қабаттардан тұрады:

- БҚО шекарасы
- БҚО аудандарының шекаралары (объект бойынша)
- ауылдық округтер шекаралары (объект бойынша)
- елді мекендер (объект бойынша)
- этникалық қарым-қатынас жағдайын көрсету қабаттары.

Қабаттар объекттері символдық ақпаратта көрсетіледі, баға шкаласына байланысты түстік гамманы өзгертеді және керек ауылдық округ бойынша тышқанды басу арқылы кестелік және графикалық кескіндемені көруге болады..

Сұлба керек кезде өзгертуге мүмкіндік бар.

Сұлбамен жұмыс жасау барысында келесідей мүмкүндүктерді жүзеге асыруға болады:

- толық зерттеу мақсатында белгіленген учаскелерді жақындатуға болады;

- керек емес белгілерді алып тастауға болады, бұл сұлбаны жеңілдетіп, оқуды жеңілдетеді.

Минималды ақпараттық талаптар:

Операцалық жүйе: Windows 9x/Me/XP/Vista/7

Процессор: Pentium 1000 МГц

Есте сақтауы: 512 МБ

Бейнекарта: 32 МБ

Электронды сұлба тек компьютерден емес, сонымен қатар басқада тасымалдағыштардан оқылады.

Электронды сұлба толығымен қазақ тілінде жасалған.

Орыс тіліне аудару жаспарланған.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Об изменении численности населения Республики Казахстан с начала 2021 года до 1 января 2021 года. Комитет по статистике Министерства национальной экономики Казахстана.

2. Численность населения РК по отдельным этносам 2020г. <http://westkaz.kz/?section=14&action=&lang=ru>

3. Западно-Казахстанская область // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2005. — Т. II. — ISBN 9965-9746-3-2. (CC BY-SA 3.0)

4. <https://assembly.kz/news/batys-aza-stan-oblysy-90-nan-astam-lt-kilderi-tatu-ttti-myr-keshken-zher-yy-meken/>

УДК 379.831

МӘДЕНИ–ТЫНЫҒУ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАҢАШЫЛДЫҒЫ

***А.М. Еслямғалиев,**
хореография және мәдени-тынығу
жұмысы кафедрасының оқытушысы,
магистр*

Бүгінгі таңда білім берудің ұлттық жүйесі өте маңызды, қарқынды өзгерістердің сатысында тұр. Қазіргі кезде қоғам дарынды, қабілетті адамдарды қажет етеді. Сондықтан да қазіргі уақытта мамандық атаулының барлығы дерлік бейімділікті,

ептілікті, ерекше ой қызметін ғана емес, болашақ маман иелерінен яғни студенттерден үлкен жауапкершілікті, қызу белсенділікті талап етеді. Үздіксіз жаңалық енгізу білім беру мекемелерінің, соның ішінде университет жұмысының дамуының ең басты факторы болып отыр. Иновацияның мәні неде және оның қажеттілігі қандай себептермен түсіндіріледі?

Бірінші кезекте иновацияның өмірге енуі, студенттердің өзінің жұмыс істеуіне себепші болатын ішкі жағдайларға байланысты. Білім беру мекемесінің алға қойған мақсатына жетуі үшін басқаруға ықпал жасайтын (профессорлар, оқытушылар) және өзінің басқарушы ішкі жүйесі (әкімшілік, педагогикалық ұжым) біртұтас жүйе болғандықтан, иновацияға үнемі орын табылады. Ал жаңа өзгеріс нәтижесінде білім беру мекемелері үздіксіз өзгертін және дамитын жаңа қайшылықтардың көздері болады. Сонымен қатар басқарудағы маңызды орын үнемі қозғалыс пен дамуда болатын педагогикалық және жас маман ұжымының қажеттілігіне беріледі. Технология, ұйымдастыруды үнемі жаңғырту жағдайында ұстап тұрып қана оқу орындары өз бағытын нығайта алады. Сондықтан да маман даярлауда оқытушылар үнемі өзгерістің болып тұруы бірден-бір дұрыс факт екенін мойындаулары қажет. Жаңалық енгізу кезкелген білім беру мекемесінің дамуы мен жоғары жетістікке жетуінің негізгі факторы болып табылады. Бүгінгі таңда білім беру қызметін көрсетуде бәсеке күшейіп отыр, тұтынушылардың дайындық деңгейіне деген талаптары өсуде. Осы тұста «мәдени – тынығу жұмысы» мамандығында білім алушы болашақ маман иелеріне бір қатар жаңашылдық енгіздік. Яғни көзінде оты бар, шексіз дүниелерді ойлап, идея алмасудың қас шебері болып шығатын сахна мамандарына ең алдымен тіл және сөз. Атап айтсақ, ойында тұрған сүбелі ойды кіршіксіз көрерменге жеткізуі, мейлінше жазылатын бір сценарийдің ішіндегі өзекті де құнды сөздің болуы. Абай атамыз, көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады деп бір ауыз сипаттағандай, студенттерімізде сөздерін көркемдеп жеткізу үшін ораторлық қабілеттілік сынды жаңа шығармашыл тұлғаны дайындаудағы жаңашылдық болар еді. Білім беру қоғамдық іс-әрекет ретінде өзгеріс ізін қалдырады. Білім беру жүйесінің даму деңгейі қоғамдық дамудың белгілі дәрежесінің нәтижесі немесе салдары деп айтуға болады. Дегенмен, кері байланыста бар. Білім беру

жүйесінің өзі қоғам мен оның дамуына ықпал етеді. Ол қоғамдық дамуды тездетуі немес тежеуі мүмкін. Осы тұрғысынан қарайтын болсақ, білім берудегі бетбұрыс қоғамның болашақ дамуының тек қана салдары болып қоймай, қажеті шарттары да болып табылады. Қоғамға тіпті жас жеткіншектерге сахна әлемін қызықтырмастан бұрын, сол сахнаға бастау табатын мамандықты ұсынғанымыз абзал. Осындай көзқарастарды қарастырып жаңашылдықтың тағы бір тармағын мамандық үшін қостық. Ол «PR»(Public Relations) түсінігі. Пиар ұғымының біздің елімізге келгеніне жиырма жылдан астам уақыт болды. Осы уақыт ішінде ол туралы түрлі көзқарастар табылды. Көпшілігінде оны жарнамамен шатастырады. Кейіннен екеуінің мақсаты ажыратылып: жарнама – «сатып алу/сатып алмау», пиар – «ұнату/ұнатпау» болды. Шындығында, қазақстандық пиардың бірнеше түрі бар екен: бизнес пиар, саяси және әлеуметтік. Ескере кетерлігі, КСРО құлағаннан кейін ТМД елдері өзіндік даму «бастамасын» бір уақытта бастаған. Алайда, олардың барлығы қазір дамудың әртүрлі деңгейінде тұр. Өзбекстан мен Беларусь елдерінде пиар өте нашар дамыған. «Қазақстанда пиар бағыты, ойдағыдай өсіп келеді» дейді пиар менеджерлер. Сол себепті мәдени – тынығу жұмысы саласын бітіруші әр маманның жеке визиткасында «пиар менеджер» деген сатысы болуында.

Мамандықты жаңарту бастамасы педагогикалық ұжымның өз үлесіне тиеді. Әр оқу орнында оқу-тәрбие үрдісі бойынша мамандар болуы тиіс, олардың негізгі міндеттеріне басшылық жасау және педагогикалық жаңалықты бақылап отыру, сонымен қатар барлық оқу пәндері бойынша әдістемелік жүйенің өзіне тән мерзімдік тексерісін өткізу кіреді. Американдық зерттеуші С.Погровтың пайымдауы бойынша, педагогикалық қайта құрушылықтың тарихы-бұл үздіксіз сәтсіздік нәтижелерін тәжірибеде бекіту. Д.Тиак және басқада зерттеушілер педагогикалық инновацияның әдетте өмірінің қысқа болатынына көңіл аударады. Инновациямен бірге өмір сүріп келе жатқан нәрсе, ол- жалғыз-ақ бақылауға оңай көнетін немесе қолданыстың жаңа саласын құрайтын құбылыс – жасампаздық. Әдеттегідей барлық сәтсіздіктің себептерін бәрінен бұрын табиғаттарынан керітартпа және селсоқ, жалқау, ұқыпсыз және қиялдау қабілеті төмен оқытушылардан іздейді. Дегенмен басқа саладағы жағдайға осыған ұқсас «Инновация және кәсіпкерлік»

деген кітабында П.Друкер негізгі шарттарды анықтауға тырыса отырып, адам тәжірибесінің толық көрінісін суреттейді, оның ішінде жаңа идеялар жемісті және ұзақ мерзімдік инновация адам қызметінің кез келген саласында қарастырылады. Ол адамзат тарихындағы көптеген алдыңғы қатарлы идеялар мен өмірдегі өзгерістер тамырын кең жайып кете алмағанын көре білді. Олардың көпшілігі жай ғана қызықты идеялар түрінде ғана қалып қоятын болған. Жаңа идеялардың тағдырына қатысты ол төмендегідей қорытындыларға келеді:

- идеялар айқын мақсатты көздеген және оларды жүзеге асыру мен тарату тәсілдері қалыптасқан жағдайда ғана сәтті инновация бола алады;
- инновация жемісті болу үшін ол аз және өте нақты нәрседен басталуы қажет;
- ақпаратқа негізделген өзгерістің сәтті болуы екіталай, алынып отырған ақпаратонай жолмен келсе немесе арзанға түссе ғана өз жемісін береді.

Педагогтердің идеясы, ойлап шығарулары мен ашулары сияқты кез келген инновациялық қызметінің нәтижесі оқытушылар мен педагогика ғылымының прогрессивті дамуына ықпал етуі керек. Бұл қызметті күнделікті тіршілік әрекеті мен психологиялық және тағы да басқа стресс сияқты нәрселерден құтқарып, шығармашылық ой заңдылығы бойынша және ғылымның өзіне тән дамуының кең өріс алуына мүмкіндік беруі керек. Жалпы, білім беруде енгізілген жаңалық тек педагогикалық қана емес, ол қоғамдық та мәселе болып табылады, білім беру қызметі қоғам үшін ерекше ықыла білдіріп, балалар үшін бұл саладағы жаңалыққа қоғамның мүдделі екенін де айтуымыз керек. Ал жасампаздық түсінігін жаңашылдық деп енгізгіміз келген себебіне тоқталсақ. Елбасымыз көп қолданып, жастарға жиі жеткізетін бұл сөздің астары -жақсы істерді атқару. Елге, жұртқа жаңа серпіліс беретін идеяларды жүзеге асыру. Жаңа жобаны қолдап, жақсылықтың жаршысы болу. Талдау жасағандада «Жасам-паз» деп талдалады. Яғни жақсы істерді атқару. Мейлі білім алушы болсын, тіпті оқытушы болсын жарасары сөзсіз. АҚШ-тың әйгілі педагог-психологы Торрастың (Е.Р.Torrance) пікірінше, төмендегі мазмұндар арқылы бірер маман иелерінің жасампаздық қасиеті жоғары-төмен екенін айыруға болады, бұл мазмұндар белгілі дәрежеде жасампаздық

қасиеті жоғары (жасампаздық қабілетке ие) болатын өзгеше белгілерді бейнелеп берді.

1. Өзгенің сөзін тыңдағанда, заттарға, әрекетке көз салғанда, бар зейінімен беріледі.

2. Ауызша, не жазбаша пайымдағанда салыстыру тәсілін қолданғыш келеді.

3. Кітапты бар зейін-зердесін бере оқиды және жазады.

4. Беделді сипаттағы көзқарастарға қарсы пікір қозғауға құштар.

5. Заттарды аса жіті бақылайды.

6. Өзгелермен әңгімелесіп мәселе байқай алады.

7. Күнделікті, негізгі тұрмысынан тыс әдеттегі уақыттың бәрінде мәселелер жөнінде ізденіп жүреді.

8. Қызыққыш (эуеской).

9. Өзіндік ерекше сынақ (тәжірибе) тәсілі және жаңалық ашу тәсілі болады.

«Білім беруде жаңарту туралы айту барлық мағынасы қандай да бір қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған жағдайға ғана байланысты. Қоғамдық қажеттіліктің деңгейі мен сипаты ғана жаңалықты енгізу бойынша істелген жұмыстың бағыты мен жемістігін анықтайды. Сондықтан оларды негіздеуге тар шеңберде қолданылатын міндеттермен шектеліп қоймай, әлеуметтік-педагогикалық дамудың нақты бағыттары мен негізгі мақсаттарын ескеру қажет. Бұл ұсақ ұстанымсыз өз-зімен, сондай-ақ, қоғамдық міндеттер мен құндылықтарды еш байланыссыз, тәртіпсіз шашырап жатқан инновациядан аулақ болу үшін маңызды» дейді А.Найн.

Болашақ маман иелерімен жұмыс істеудің жаңа үлгілері мен тәсілдерін енгізу және қабылдау біздің ізденіспен жаңа туындыларды қырағыдай қадағалап тапқан жаңашылдықтан туындайды. Жақсы іс бізге және біз тәрбиелейтін болашақ еліміздің жалынды да жігерлі мамандары үшін не? Әрине өз ісіне деген құрметтілік, сенімділік, игерушілік айта берсек көп. Ал осынау қағидаттармен қабілеттер ол әрине бүгінгі күннің еншісінде. Болашақ мықты маман иесі ол біздің яғни бүгінгі оқытушылардың қолында. Осыған орай қазіргі уақыттың еншісіне сай жаңашылданған формулалар мен алгоритімдерді ұсынуымыз қажет. Сондықтан біз білім беруді демократияландыру мен ізгілендіруді үздіксіз жүріп, дамып

отыратын қоғамдық үрдіс ретінде түсінуіміз керек. Әр қайсымыздың ойымызда бары «Болашақ – жастардың қолында» деген ұранды ұлы сөз. Сол жастарды болашаққа биімді етіп, жаңа көзқараспен, жаңа материалдармен оқыта алып жатырмызба? – деген сұрақ мазалауы мүмкін. Әрине осындай ұмтылысы мықты, өз саласына, өз мамандығына инедей бір жаңалық енгізгісі келетін оқытушыларымыз жаңашылдықты көріп оны студенттерге, білім алушыларға жеткізе алған болса, ондаша бұл, істінде, ойында жүзеге асқандығы болар еді. Міне сонда ғана жаңашылдықты бойына сіңіріп, әлемдегі бар дүниелерді көре отыра жүзеге асыра алатын маман дайындаған болсақ, сол жастың қолында болашақ бар деген сөз. Білім беру жүйесі құрылымының өзі қоғам үшін, өмір сүріп отырған деңгейінде сақтап қалу үшін оның тамыры табиғатта, біздің қоғамның негізінде жатқанын түсіну керек. Дәл сол себептен қоғам құрылымындағы әрбір маңызды өзгеріс өзімен бірге білім беру жүйесін де жаңалыққа тартады. Осындай жағдайда білім беру жүйесі қоғамдық қызметтің басқа салаларымен бірлесе отырып қана аяғынан тұрып кетеді. Педагогикалық инновациялар білім берудің ішкі жүйесіндегі адамдар қызметінің нақты нәтижесі болып табылады. А.Колодин мен С.Смирновтың пікірлерінше, педагогикалық инновация мемлекеттік білім ұйымдары жасап, жүзеге асырған жаңалық емес, білім беру және ғылым жүйесінің ұйымдары мен қызметкерлері жасаған жаңалықтар. Сонымен қатар білім беру саласында болып жатқан өзгерістердің барлығын авторлар педагогикалық инновацияға жатқыза алмайды. Бұл категорияға олар білім берудің қоғамдық жағдайлары өзгерісін, оның мәртебесінің жоғарылауы мен қаржыландырудың өсуі сияқты мысалдарды жатқызады. Бұл бәрінен бұрын қандай да бір әлеуметтік үрдістің нәтижесі, қоғамның саяси бағытындағы өзгеріс немесе қайта құру, яғни саяси қайта құрулар нәтижесі.

Кең ауқымды инновациялық қозғалыс – қайта құру үшін қажетті құбылыс. Оның өмірде болуы қайта құруды жасаудың негізгі әлеуметтік шарты ретінде көрінеді. Бұндай қозғалыс құруды жүзеге асырудың маңызды шарты ғана емес, оған дайындық құралы болып табылады. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім – ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тез қолға түседі. Шала мейір шала байқайды – деп, Абай ғұламамыз айтқандай әр салаға мейірлене қызмет атқарып, білім алушы

жастарға жаңа енгізулерді үйреткеніміз болса, сонда ғана тек алдын емес жан жағын зерделейтін ұрпақ дүниеге әкелгеніміз болар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Тарих тағылымдары және қазіргі заман» – Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің бес жылдығына арналған салтанатты жиналыста жасалған баяндама. (Қазақстан, 1997)

2. «Қазақстан халқының азаматтық таңдауы – тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар» – Қазақстан халықтары ассамблеясының IV сессиясындағы баяндама, Ақмола, 1997 жылғы 6 маусым. (Қазақстан, 1999)

3. kk.wikipedia.org – әлеуметтік сайты.

4. massaget.kz – әлеуметтік сайты.

5. «Жизнь после работы» атты подкасынан / Жанна Бочкарева/

6. «Зачем пиарщику линейка?» /Лилии Глазовой/

7. qamshy.kz – әлеуметтік сайты.

8. infourok.ru– әлеуметтік сайты.

9. Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» халыққа жолдауы.

УДК 796.011

МЕКТЕП ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

М.А. Сундетов

*дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі
кафедрасының оқытушысы, магистр*

Мектепке дейінгі ұйымдарда бала тәрбиесіне қажетті алуан түрлі жұмыстар атқарылады, соның ішіндегі маңызды бір саласы дене тәрбиесі болып табылады. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлерінің балалардың денсаулығына, дене бітіміне, ойлай білу қабілетін дамытуда маңызы ерекше. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесі жұмысының сапасын және тиімділігін арттыру қазіргі педагогика ғылымының және қоғамның алдына

қойған маңызды ісі болып табылады. Ал дене тәрбиесі арқылы баланың денсаулығын нығайту, өмірге қажетті қозғалыс дағдыларының дұрыс қалыптасуын іске асыру мемлекеттік маңызды жұмыс. Мықты денсаулықтың, дененің дұрыс жетілуінің, жоғары жұмыс қабілетінің негізі нақ осы мектеп жасына дейінгі балалық шақта қаланады, қозғалыс қызметінің қалыптасуы, сондай-ақ дене қасиеттерінің бастапқы тәрбиесі де осы жылдарда өтеді. Өмірді қорғау мен денсаулықты нығайту, бала организмнің қызметін жетілдіру, оның денені дұрыс жетілдірудегі ықпалы, жұмыс қабілетін арттыру дене жағынан тәрбиелеудегі ең басты міндеттер болып табылады. Бұл міндеттердің маңыздылығы мынада: ағзаның тез өсуіне және дамуына қарамастан, олардың қызметі жетілмеген, организмнің қорғаныс қабілеті нашар қалыптасқан кішкентай балалар сыртқы ортаның қолайсыз әсерлеріне тез ұшырайды. Сондықтан сүйек жүйелері мен байланыс буын аппаратының дұрыс әрі мерзімімен жетілуіне, бел омыртқаның физиологиялық иіндерінің қалыптасуына, табан дөңестерінің дұрыс жетілуіне ықпал жасау қажет. Барлық бұлшық ет топтарын, әсіресе, жиырмалы бұлшық еттерді қатайту, жүрек пен тамыр жүйесінің жетілуіне, оның әртүрлі және тез өзгеріп тұратын ауыртпалықтарға бейімделу мүмкіндіктерін арттыру, тыныс алу мускулатурасын қатайту, тыныс алудың тереңдігі мен ырғақтылығына, тыныс алуды қозғалыспен үйлестіру шеберлігін дамытуға мүмкіндік жасау, нерв жүйелері мен сезім органдарының дамуына көмектесу қажет.

Басты міндет, балалардың қозғалыстарын жетілдіру, қимылдық дағдыларын және дененің икемділік, шапшаңдық, күштілік, төзімділік сияқты қасиеттерін қалыптастыру болып табылады.

Баланың қозғалыс дағдысы 7 жасқа дейін қалыптасып, әрі қарай даму, шыңдалу қызметі атқарыла бастайды. Бала ағзасының даму мен өсу үдерісінде бұлшық еттің күші қозғалыс факторлары арқылы артады. Сондықтан да мектепке дейінгі кезеңде балалардың дене тәрбиесіне ерекше мән берілу керек .

Дене тәрбиесі ағзаны шынықтырып, бала психикасының дамуына үлкен әсер ететін, адам ағзасының барлық жағынан жетілуіне, қимыл әрекеті мен дағдысының, білімінің қалыптасуын қамтамасыз етуге бағытталған, көп қырлы

педагогикалық іс. Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін берудің мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, денесінің дұрыс дамуын қамтамасыз ету, өйткені бұл кезде баланың дамуына қолайлы жағдай жасалса, бала денесі тез жетіліп өседі. Мектепке дейінгі шақта бала ағзасы әлсіз, әр түрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұра алмайды, сондықтан оны аурудан сақтап, денсаулығын нығайтуда, қимыл әрекетін дамытуда, мәдени-гигиеналық дағдысын, әдетін қалыптастыруда дене тәрбиесінің мәні ерекше.

Міне, осындай мақсат көздейтін дене тәрбиесінің негізгі міндеттері: 1) баланың денсаулығын сақтау және нығайту; 2) мәдени-гигиеналық дағдылар мен әдеттерді қалыптастыру; 3) бала денесін шынықтыру; 4) балалардың жүру, жүгіру, секіру, өрмелеу, лақтыру сияқты негізгі қимыл әрекеттерін дамыту.

Мектеп жасына дейінгі баланың денесін шынықтыруды зерттеген белгілі ғалымдардың бірі Т.И. Осокина «...дене шынықтыруды педагогикалық ықпалмен мақсатты жүргізгенде нақты нәтижеге жетіп, бала денсаулығы нығайып, жалпы шыдамдылығы, жұмыс жасау қабілеті артып, жеке тұлға болып қалыптасып, жан-жақты дамуына әсерін тигізеді деп көрсетеді .

Мектеп жасына дейінгі балаларға дене тәрбиесін беру негізіне мыналар жатады: балалар күтімі және өсуіне қолайлы мәдени-гигиеналық жағдай жасау, дұрыс жасалған күн тәртібі, тамақтандыру, дененің тазалығы, баланың жасына, ауа-райына ыңғайлы киінуі, гимнастика және қимылды ойындар ойнату, ұйқысын ұйымдастыру, серуенге шығару, күнді, ауаны, суды тиімді пайдалану.

Мектепке дейінгі «Денсаулық» білім беру саласының базалық мазмұны төмендегідей ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің түрлері:

- дене шынықтыру;
- валеология;
- дербес қимыл белсенділігі, шынықтыру және сауықтыру шаралары, мәдени-гигиеналық дағдылар арқылы балалардың тіршілік әрекеті мен тәрбиесін ұйымдастыру арқылы жүзеге асады.

Дене тәрбиесін ұйымдастырудың бұл формалары дене тәрбиесінің жалпы міндеттеріне және баланың жан-жақты дамуына жауап бере отырып, өзара байланысты болады: олардың

әрбірінің өзіндік арнаулы міндеттері бар, олар мектепке дейінгі мекеменің күн режиміндегі міндеттің орнын анықтайды.

Балабақшаның түрлі топтарындағы дене тәрбиесін ұйымдастыру формаларының арақатынасы балалардың жасын және жеке басы типологиялық ерекшелігін олардың дене дайындығы дәрежесін, сондай-ақ белгілі бір топтың және бүкіл мекеменің нақты жағдайын ескере отырып, тәрбие-білім беру міндетімен анықталады.

«Денсаулық» білім беру мазмұны білім беру қызметінің нәтижесі ретінде денсаулық сақтау құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған:

- өзінің дене күш-қуатының саулығын ойлауға және тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтауға;

- қимыл-қозғалыс дағдыларын меңгеруге;

- түрлі оқиғаларға қатысты өзінің эмоциялық күйін білдіруге;

- денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас гигиенасының дағдыларын меңгеруге мүмкіндік береді.

Дене шынықтыру ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті балаларға дене тәрбиесі жаттығуларын жүйелі түрде үйретудің негізгі формасы. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің арнаулы міндеті барлық жастағы топтардың балаларын дұрыс қимыл-қозғалысқа үйрету мен дене қасиетін тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің маңыздылығы өз ара байланысты сауықтыру, білім беру, тәрбиелеу міндеттерін жүйелі түрде жүзеге асыруда болыпта былады, олардың орындалуы баланың дене күшінің дамуын, денсаулығының нығаюын, олардың дұрыс қимыл-қозғалыс дағдыларын игеруін, физкультура мен спортқа эмоционалды жағымдықа тынасынқа лыптастыруды, оның жеке басын жан-жақты қамтамасыз етеді. Мектеп жасына дейінгі балаға дене тәрбиесін беруде қимылды ойындардың орны ерекше. Қимылды ойындар бұл шықеттерді ғана іске қосып қоймайды, баланың бүкіл ағзасының, ішкі құрылысының қызметін, зат алмасуын күшейтіп, психикасының дамуына да ықпалетеді, жалпы денсаулығын нығайтады. Қимыл әрбір іс-әрекеттің негізін құрайды, тиімді ұйымдастырылған қимыл икемділікке, күштілікке, үйлесімділікке, әдемілікке баулиды, жұмыстың табысты болуын қамтамасыз етеді.

Дене шынықтыруды қимыл-қозғалыс ойындары арқылы жүзеге асыру балалардың дене мүшелері мен көңіл-күйлеріне қатты әсерін тигізеді. Қимыл-әрекетке толық жағдай жасаудың, барлық бала ойыннан қуанышта буға мүмкіндік жасаудың маңызы зор.

Ойын барысындағы іс-қимылды дұрыс сапалы түрде балаға жеткізіп бірнеше рет қайталап әдетке айналдырғанда, бала ағзасындағы зат алмасу артып, жүйке жүйесі белсенділігін танытып, қан айналымы жақсарады. Қозғалыс барысындағы жиі демалудан бала ағзасындағы оттегіге деген қажеттілік артады. Денешынықтырудың арқасында баланың көңіл-күйі жоғарылап, жүйке жүйесі бекиді. Дене шынықтыру нәтижесінде бала өзінің – әрекетіне және топтық тәртіпке үйреніп, оның ережесіне бағынады. Бұл оның жан-жағындағы оқиғаға мән беріп қарауына, төзімді болуына, тәртіпті сақтауына септігін тигізеді.

Дене жаттығулары – дене тәрбиесінің негізі болып табылады. Дене жаттығулары баланың жас ерекшелігіне сай өзгеріп күрделене түседі. Жас шамасына қарай күрделене түскен жаттығулар өз құрамына күнделікті тұрмыстан, адам еңбектерінен, әскери қимыл қозғалыстардан сонымен қатар спорт түрлерін декездесетін қозғалыс түрлеріне налынатын жаттығуларды енгізеді. Жаттығу кезінде баланың барлық тірек-қимыл мүшелері жұмыс жасап, барлық мүшелерінің іс-қимылдары дамып, жүрек, тыныс алу және жүйке жүйелерінің қызметі арта түседі.

Балабақша үшін жалпы дамыту жаттығуларын барлық топпен бірізді орындатқан тиімді. Осы кезде қимыл-қозғалысты үйренуге барлық бала бірдей қатынасып, бірінен-бірі қалғысы келмей ат салысады. Келесі бірнеше баламен жұмыс арнайы жаттығу элементтерін меңгеру барысында әр баланы қозғалыс-қимылға үйретіп қадағалау негізінде белгілі біржетістікке жету мүмкіндігі туады деп көрсетеді.

Балаларды қимылға үйретудің негізгі әдісі көрсету, түсіндіру және жаттығуларды балалармен бірге орындау болып табылады. Бұл әдістің қолдану барысы әр түрлі. Дене шынықтыру барысындағы қимыл-қозғалыс элементтерін орындаудың негізгі шарты оларды бірнеше рет қайталау және бірте-бірте жетілдіру болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдардың негізгі міндеттерінің бірі – балаға қимыл негіздерін үйрету. Негізгі қимылдарға жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу сияқты қимылдар жатады. Балаларды мақсатқа бағытталған қимыл жасауға, қажет кезінде қимылды тежеу әрекеттеріне үйрету керек. Қимылдың тәрбиелі кәсері де зор: ойын, гимнастикалық жаттығулар мен еңбек үстінде балалардың кеңістікті бағдарлау, шапшаңдық, дәлдік, ептілік қасиеттері, ұжымдық қарым-қатынастары тәрбиеленеді.

Қимылды дамытуды жоспарлағанда мынадай жалпы қағидалары ескеру керек:

1) жаттығуларды, ойындарды, еңбек тапсырмаларын таңдағанда баланың қолынан келетін, оларды қызықтыратын, бүкіл ағзасының дамуына түгел ықпал жасайтын, бұлшық еттердің қимыл әрекетіне әсері барын сұрып тапалу;

2) ойындар мен жаттығулар еңбек тапсырмаларын орындауға, жүру, жүгіру, лақтыру, секіру, өрмелеу сияқты қимылдардың дамуына ықпал ететін, дұрыс дағдыны қалыптастыратын болуы керек;

3) физиологиялық жағынан әлсіз бұлшық еттердің ығайту, баланың тұлғасын дұрыс қалыптастыруға себепкер болуы керек;

4) ұжымда жұмыс істей білуге жетілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Қорыта келеайтарымыз, бала ағзасын қалыпты өсіру үшін мектепке дейінгі ұйымда баланың дене тәрбиесін ұйымдастыруға тәрбиешілер ерекше мән беруі керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Степаненкова Э.Я. Теория и воспитания физического воспитания и развития ребенка. – Москва, 2006. –171с.

2. Осокина Т.И. Физическая культура в детском саду. – М., 1986. –285 с.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту. Негізгіережелер. – Астана, 2009.-31 б.

БОТАНИКА ПӘНІНЕН ЖАЗҒЫ ДАЛАЛЫҚ САРАМАН КЕЗІНДЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ СОҚПАҚТАРДЫ ЖҮРГІЗУ БОЙЫНША СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

К.С. Удреева,

*биология және экология
кафедрасының оқытушысы, магистр*

Білім беру экологиялық соқпағы – экологиялық білім беруге, тәрбиелеуге және экологиялық білімді насихаттауға бағытталған ақпараттық жүктемені көтеретін ұйымдастырылған және белгіленген маршрут. Экологиялық соқпақ студенттерге экологиялық тәрбие берудің тиімді құралы болып табылады.

Экологиялық тәрбие жұмысы тікелей табиғатта жүргізіледі. Экологиялық жолдағы бақылаулар студенттердің экожүйедегі табиғи процестер мен қатынастар, табиғи кешендер туралы ғана емес, сонымен қатар адам мен табиғаттың өзара әрекеттесу процестері туралы білімдерін қалыптастыруға арналған. Экологиялық соқпақ бойынша экскурсиялар және ондағы тәрбие жұмыстарын табиғатта өзін-өзі ұстау ережелерін қалыптастыру, экологиялық мәдениет дағдыларын қалыптастыру үшін пайдаланған жөн.

Оқу-экологиялық соқпақ жолдың басты міндеті – студенттердің табиғатқа деген сүйіспеншілік сезімін, оның тағдыры үшін жеке жауапкершілігін қалыптастырудан, сонымен қатар экологиялық ойлауды байыту үшін жаңа жағдайлар жасаудан тұратын экологиялық тәрбие беру [1].

Осыған байланысты «Ботаника» пәнінен «6B01509 - Биология», «6B05201 - Экология» мамандықтарында оқитын студенттерге арналған жазғы далалық сараман жұмыстарын далалық зерттеу жұмыстарымен байланыстырып және де зерттеу ауданының биоәртүрлілігін экологиялық соқпақ жол арқылы таныстыру жоба ретінде алынды.

Жобаның негізгі мақсаты студенттердің ботаника пәні бойынша теориялық білімдерін геоботаника, экология және систематика элементтерімен бекіту және кеңейту.

Жобаның міндеттері:

- ✓ Зерттеу ауданымыздың территориясын мекендейтін өсімдіктердің алуан түрлілігімен, оның флорасымен таныстыру;

- ✓ Гербаризация (гербарий жинау, кептіру, орнату техникасы) және өсімдіктерді анықтау әдістерін меңгерту; ZKU электронды гербарийінің көмегімен заманауи таксономиялық категорияларды қолданып өсімдіктерді анықтау;

- ✓ Экологиялық соқпақ жол арқылы зерттелетін аумақтың биоәртүрлілігімен таныстыру;

- ✓ Ахмади сайының элементтеріне сәйкес өсімдіктердің микробелдеулерінің геоботаникалық профилін салу;

- ✓ Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына және БҚО Жасыл кітабына енген сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдіктермен таныстыру.

- ✓ “Ботаника” пәнінен жазғы далалық сараман өткізуге арналған әдістемелік құрал дайындау.

Сондай-ақ алғаш рет далалық сараман барысында студенттер жалпақ және ұсақ жапырақты ормандардың фрагменттерімен, олардың экологиясымен, биологиясымен және өсімдіктер систематикасымен танысады.

Оқу-экологиялық соқпақ жолдардың жалпы ұзақтығы 3 сағат экскурсиялық уақытқа сай болу қажет. Шамамен алғанда, бұл маршруттың (бағыттың) ұзындығы - 2км [2].

Жоба барысында БҚО, Теректі ауданына қарасты Қызыл мектеп ауылы маңынан экологиялық соқпақ-жолдың 3 аялдамасы ұйымдастырылды:

Алғашқы аялдама – жартылай аралды жар, екінші аялдама – «Ахмадиев сайы», үшінші аялдама – «Сәуір жары» (Сурет 1).



Сурет - 1. Қызыл мектеп ауылы маңынан экологиялық соқпақ-жолдың схемасы

Алғашқы аялдамада студенттер Қызыл мектеп елді мекені маңындағы байрақты және жайылмалы ормандардың түрлік құрамымен танысады. Бұл аймақтың жайылмалық ормандарында жергілікті емен (*Quercus robur*), тегіс шегіршін (*Ulmus laevis*), теректер (*Populus alba*, *P. nigra*, *P. canescens*), ақ тал (*Salix alba*) ормандары кең таралған [3] (Сурет 2).



Сурет - 2. Алғашқы аялдама – «Жартылай аралды жар»

Екінші аялдама – Ахмадиев сайы ормандардың 33 формацияны қамтитын «биологиялық әртүрлілікті сақтау моделі» болып табылады. Бұл сайлар облысымыздың жалпақ және ұсақ жапырақты ормандарының шығу орталығы болып табылады. Ахмади сайы мен Қайыңсай – оңтүстік пен шығыс территориямызда кездеспейтін орман бореалды түрлерінің таралу шекарасы. Зерттелген сайларда өсімдіктердің 219 түрі анықталған (Е.В.Воронкова) және 7 ҚР Қызыл кітапқа және 28 жасыл кітапқа енгізілген өсімдіктер кездеседі [4] (Сурет 3,4).



Сурет - 3. *Tulipa schrenkii* L



Сурет - 4. *Adonis vernalis* L

Үшінші аялдама «Сәуір жары» – Жайық өзенінің сол жағалауындағы Орал маңы үстірті баурайының зең жайылмасына құлау нәтижесінде қалыптасқан. Жардың биіктігі 30-50 м, ал аумағы 150 га құрайды. «Сәуір жары» Қабылтөбе ауылынан 8 км жерде орналасқан (Сурет 5).



Сурет - 5. «Сәуір жары» сайының жалпы көрінісі

Сонымен қатар студенттер сараман кезінде оқу – экологиялық соқпақ жолдар жүргізу барысында гербаризация, яғни гербарий (кеппешөп) жинау, оны кептіру, орнату техникасын үйреніп және БҚУ сайтындағы электронды гербарий көмегімен заманауи таксономиялық категорияларды қолданып өсімдіктерді анықтау әдістерін меңгереді (Сурет-6).



Сурет - 6. БҚУ сайтындағы электронды гербарий каталогі

Сонымен қорытындылай келе студенттер далалық сараман кезінде экологиялық соқпақ жол арқылы жоғарыда көрсетілген зерттеу аудандарының территориясында кездесетін өсімдіктердің алуан түрлілігімен, оның флорасымен танысып, негізгі басым ағашты-бұталы қауымдастықтарды анықтап, оларға геоботаникалық сипаттама беруді үйренеді. Екіншіден экскурсия барысында студенттер белгіленген аялдамалардан арнайы өсімдіктердің гербарий (кеппешөп) қорын жинақтап, оны аудиторияда БҚУ сайтында орналасқан электронды гербарий каталогі арқылы анықтайды. Үшіншіден студенттер оқу-экологиялық соқпақ жол арқылы белгіленген 3 аялдаманың (жартылай аралды жар, Ахмади сайы және Сәуір жары) территориясында өсетін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына және БҚО Жасыл кітабына енген сирек кездесетін және жойылып бара жатқан өсімдік түрлерімен танысады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Экологическая тропа по изучению кальцефитно-петрофитной растительности в ботанико-зоологическом памятнике природы "Миргородский". / Т. Е. Дарбаева, Б. С. Альжанова, В. И. Девяткина. - // Материалы IX всероссийской научно-практической конференции с международным участием «Эколого-географические проблемы регионов России». - Самара: СГСПУ. - 2018. - 15 января. – С. 248-251.
2. Батыс Қазақстан облысының өсімдіктер әлемі. Дарбаева Т., Отаубаева А., Цыганкова Т. Орал – 2003. 96 б.
3. Петренко А.З., Джубанов А.А. и др. Природно-ресурсный потенциал и проектируемые объекты заповедного фонда Западно-Казахстанской области. – Уральск: РИО ЗКГУ им.А.С.Пушкина, 1998. – 145с.
4. Петренко А.З. Зеленная книга Западно-Казахстанской области. – Уральск: Изд-во РИО, 2001. - 194 с.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

I БӨЛІМ

ОҚУ ҮРДІСІНДЕГІ АҚПАРАТТЫҚ- КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Муканова Н.Е.

Білім беру үдерісінде apper мобильді қосымшасын қолдану мүмкіндіктері.....5

Арыстанғалиева В.Т., Мақсотова Т.Т.

Оқытуды ұйымдастыруда Quizizz электрондық ресурсын қолдану.....10

Абузярова Э.Р.

Использование соцсети instagram при проведении учебной практики первокурсников в дистанционном формате.....18

Мукашева М.М.

Студенттердің эксперименттік дағдыларын жетілдіруде компьютерлік бағдарламаларды қолдану.....24

Альжанова Б.С., Бисенгазиева А.С.

Moodle платформасында тест бағдарламасын жасау және оқу үрдісінде қолдану.....28

Буланова Н.Т.,

Внедрение активных форм обучения с применением видеохостинга YouTubeпо дисциплине «Цифровая экономика»34

Пазылианова Ж.Н.

QR-как средство повышения мотивации и автоматизации процесса обучения.....39

Бессмертнов П.А.

Использование «SportsTracker» для дистанционного контроля кроссовой подготовки студентов.....47

I БӨЛІМ

ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРІ

Шунайбекова К.М.

Использование интеллект-карт (Intellect-Karten) как один из инновационных приёмов обучения немецкому языку.....50

Мустафина А.С.

Метод картирования мышления.....55

Юрченко А.В.

Формирование творческой активности в профессионально-педагогической подготовке учителя музыки.....63

III БӨЛІМ

ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Турганалиева Г.Г.

Көлемді прозалық шығармаларды тиімді оқыту жолдары.....69

Бердымұратова Н.Н.

Развитие пространственного интеллекта.....76

Жалекенова Г.Т., Әмен С.Ж.

Этнический атлас Западно-Казахстанской области.....80

Еслямғалиев А.М.

Мәдени-тынығу жұмысын ұйымдастыру жаңашылдығы.....84

Сүндетов М.А.

Мектепке дейінгі ұйымдағандығын қысқарту және оны ұйымдастыру.....90

Удреева К.С.

Ботаника пәнінен жазғы далалық сараман кезінде экологиялық соқпақтарды жүргізу бойынша студенттерге арналған әдістемелік нұсқаулық.....96



**ОЗЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ТӘЖІРІБЕ МЕКТЕБІ**
(материалдардың жинағы)

ШКОЛА ПЕРЕДОВОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОПЫТА
(сборник материалов)

Компьютерде беттеген және дизайн
Компьютерная верстка и дизайн

Кужалиева В.М.

Техникалық редакторлар
Технические редакторы

Сахметова С.К.

АВТОРЛАРДЫҢ ТҮПНҰСҚАСЫНАН БАСЫЛЫП ШЫҚҚАН
ОТПЕЧАТАНО С ОРИГИНАЛОВ АВТОРОВ

Көлемі 6,5 б.т. Таралымы 100 дана. Офсет қағазы. Тапсырыс №61

*М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
Редакциялық баспа орталығы.
Орал қаласы, Достық даңғылы, 162.*